

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Шамалар, Көлем

ЖАРИЯЛАНДЫ  
19.12.2020СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/87440/

Пәні: Математика

Сынып: 2

Сабақтың тақырыбы: Шамалар. Көлем (62 сабақ)

2С Бөлім Шамаларды өлшеу

**Оқу мақсаты:**

1.1.3.1. Ұзындық, көлем, уақыт шамаларын ажыратады; оларды өлшеу үшін өлшемдер құралдарды таңдайды, өлшемдер жүргізеді.

1.1.3.3. Шамалар мәндерін: ұзындық (см,дм), масса (кг), көлем (л) өлшем бірліктерін салыстырады және амалдар орындайды.

**Сабақ мақсаттары:**

**Барлық оқушылар:** ұзындық/ масса/ көлем шамаларын ажыратады, өлшеу құралдары мен өлшем бірліктерін таңдайды.

**Оқушылардың басым бөлігі:** өлшеу құралдарын қолданып, өлшейді, салыстырады.

**Кейбір оқушылар:** шамалардың мәндерін салыстырады және шама мәндеріне қатысты қосу, азайту амалдарын орындайды

**Бағалау критерийі:**

Ұзындық/ масса/ көлем шамаларын ажыратады және оларды өлшеу құралдары мен өлшем бірліктерін таңдайды.

Ұзындық (см), масса (кг), сыйымдылық (л) өлшем бірліктерін салыстырады.

Атаулы сандармен амалдар орындайды

-Сәлеметсіздер ме, 2 -сынып оқушылары !

Математика сабағына қош келдіңіздер!

-Бүгінгі сабақта ыдыстардың көлемін есептеп үйренеміз және ыдысқа қанша мөлшерде сұйық немесе құрғақ зат сиятынын анықтаймыз. Алдымен өткен

### **I. Кіріспе бөлім.**

Алдыңғы білімді еске түсіру.

- Заттарды өлшеу үшін нелер қажет?
- Таразы тепе-теңдік жағдайда болу үшін, не істеуге болады?
- Сұйық заттарды немен өлшейміз?
- Ұзындықты немен өлшейміз?

**ҚБ:** «Мұғалім тарапынан мадақтау»

### **II. Негізгі бөлім.**

Ширату тапсырмасы: Суреттегі ыдыстар туралы түсініктерін сұраймын. Олар не үшін керек?

- Дұрыс айтасындар бұл ыдыстарға сұйықтық құюға болады.
- Қалай ойлайсындар қай ыдысқа су көбірек сияды? Шелекке ме әлде стақанға ма?

Ыдысқа қанша мөлшерде сұйықтық сиятыны туралы айтқанда – бұл қасиетті «көлем» деп атаймыз. Көлемнің өлшем бірлігі – литр деп аталады. Қысқаша оны л әрпімен жазамыз.

Ыдыстардың көлемі әртүрлі болады. Мысалы сусынның қабында 1 литр деп жазылады, бұның мағынасы сусынның көлемі 1 литр, бұл бөтелкеге 1 литр су (не басқа сұйықтық) сияды дегені. Су таситын шелектер әдетте 10 литр болады, бұған 10 литр су құя аламыз.

Қызықты мәлімет.

Түйе – бірден 100 литрден астам су іше алады.

Адамның организміндегі қанның жалпы мөлшері 7 л. құрайды.

Ал көлік 1 литр бензинмен шамамен 10-12 км. жол жүре алады.

Сонымен біз көлем туралы білдік. Ендеше сабақты бекіту үшін тапсырмалар орындайық.

### **Практикалық кезең. Тапсырмалар.**

#### **1. «Ойлан, тап»**

Аквариумда 10 л. су болу керек. Марат 6 л.суды құйып қойды. Сұрақ: аквариумды толтыру үшін Марат тағы қанша литр су құю керек?

**Дескриптор:** Амалдарды орындай алады.

#### **2. «Көлемін тап»**

Шелектің көлемін анықта.

Құмыраның көлемі – 1 л.

Қазанның көлемі – 2 л.

Сұрақ: Шелектің көлемін табу.

Жауабы: Шелектің көлемі 7 л.

**Дескриптор:** Өлшем бірліктерін салыстыра алады.

Амалдарды дұрыс орындайды.

#### **3. «Логикалық есеп»**

Сәкенге су құбырынан 2 л. су құйып алу керек. Бірақ үйіндегі шелектердің көлемі 6 л және 4 л. 2 литр суды құйып алу үшін не істеу керек?

**Дескриптор:** Берілген сандарды пайдаланып, амалдарды орындай алады.

Көлемнің өлшем бірліктерің салыстыра алады.

### **Қорытынды бөлім.**

- Оқушылар, бүгін сендер көлем туралы білдіңдер. Көлемді өлшеуді,салыстыруды,

ажыратуды,ыдыстардың көлемін есептеуді үйрендіңіздер. Көлем сөзін естігенде ойларыңызға не келеді? Нені елестетесіңдер? Осы сөз туралы білетініңді жекелеген сөздермен айт.

**«Ассоциация» әдісі****Су****Литр****Өлшеу**

--	--

**Үлкен****Кіші****Сұйықтық****Ыдыс****Мөлшер****Рефлексия:****Үй тапсырмасы: (Практикалық жұмыс)**

1 литрлік ыдысты пайдаланып, шәйнекке су құйып көлемін анықта.

**Дескриптор:** Өз бетінше жұмыстанып, көлемді анықтай алады.

**—Сабақ аяқталды. Бүгінгі сабаққа белсене қатысқандарыңызға рақмет!**

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.